класы -8, 8ә класы-5,7 пайызға төмендеп кеткен. 6ә класынан 3 оқушы, 6б класынан 1 оқушы, 7ә класынан 1 оқушы, 9а класында 4 оқушы, 9ә класында 2 оқушы, 10а класында 1 оқушы, 10ә класында 3 оқушы 1 пәннен қанағаттаналық баға алып отыр. Ең жоғары көрсеткіш 5а класы-91,6 пайыз.Тоқсандық бағаға шығару кезінде 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №548 бұйрығын басшылыққа алынды. Аптасына 1 сағат болатын пәндерден БЖБ жұмыс алынды, тоқсандық баға ІІ жарты жылдықта шағарылады. Қалған пәндерден БЖБ, ТЖБ жұмыстары алынды. Алынған жұмыстар бойынша тоқсандық баға шығарылды, электрондық журналға толтырылды. Кластар бойынша есептер жасалды. 2020 жылғы 28 тамыздағы №373 бұйрығының 19 тармағына байланысты даулы мәселелер туындамағандықтан модерация жұмысы жүргізілмеді.
Қашықтан оқыту жағдайында негізгі пәндер бойынша оқушылардың үлгеріміне мониторинг жүргізу арқылы білім алушылардың білімін толықтыру және әлсіз тұстарын жою жұмыстары жүргізіліп отырды.Білім алушылардың білімдеріндегі ақтандақтарды жоюдыңалдын алу бойынша атқарылған пән мұғалімдерінің жеке жұмыстарына тоқталып, талдау жасады

**6. Г.О.Мукашева- гимназия директоры.**

«№6 Хромтау гимназиясы» КММ ұстау үшін бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуы жөнінде есеп берді. ( Есеп қоса жалғанды).

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты 2019 ж халыққа Жолдауында «Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары болып саналады. Жергілікті билік тұрғындар үшін әрдайым ашық болуы тиіс» деп баса айтқан болатын.
Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралыҚазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 309 қаулысы. 29 тармағымен «Орта білім беру ұйымдары басшыларының ата-аналар ұжымының алдында, оның ішінде орта білім беру ұйымдарын ұстау үшін бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуы жөнінде есеп беру кездесулерін өткізу» туралы таныстырып өтіп, бірнеше бөлімдеріне түсінікті ақпарат берді. Сонымен қатар, №6 Хромтау гимназиясына 2020 жылы бюджеттен 219 миллион 714 мың теңге қаржы еңбекақы төлеуге жұмсалды. Бастауыш 1-11 сыныптар арасындағы оқушылармен және аз қамтылған отбасы балаларына үкімет тарапынан тегін тамақтандыру үшін 255000 теңге үкіметтен қаржы бөлініп жұмсалды.Сонымен қатар педагогтарды және кіші қызметкерлердің медициналық тексеруден өту үшін 353000 қаржы жұмсалды.
Мектептің шаруашылық заттарын/сабын,порошок,мусормешок,температура өлшейтін,дозатор жарга кадайтын,катредж заправка ,ак кагаз және ағымдағы жөндеуге, спорт зал жылу жүйесін толық ауыстыру үшін 7 миллион 902788 – теңге жұмсалды. Санитарлық талаптарды сақтау мақсатында 193010тн, мектептің айналасын тазалау және қыс мезгіліндегі қарды тазалау,шығару жұмысына-360000тн жұмсалды. Мектеп бойынша мемлекеттен берілген қаржы 100 % орындалды.Осы бағыттағы жұмыстарымыз алға қарайда жалғасын таба береді.
Өртке қарсы құрал – жабдықпен қамтылған. Бейнебақылау, дабылқаққыш,мектеп сайты орнатылған.

**ШЕШІМ:**

1. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушылардың сапалы білім алуы үнемі бақыланып,білім алушыларының таным аймағын дамыту жаттығуларын жасау арқылыпсихологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары жандандырылсын. (Г.Ж. Райымкулова, Г.Т. Максимова- әлеуметтік педагог)
2. Мектеп тренерлерінің педагогтардың біліктілігін арттыру жұмыстарын талапқа сай жүргізуі бақылауға алынсын.
3. Пән мұғалімдерінің зерттеу жұмыстарымен айналысуы, сабақ өткізу сапасынарттыру жұмыстары арқылы кафедра жұмысы жандандырылсын. .( А.Т.Ешкеева- оқу-әдістемелік жұмыс орынбасары)